

## **2009 жылғы 1 шілдеге жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы**

2009 жылғы 1 маусымда республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2009 жылғы маусым айында берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 14 заңды тұлғада бар, оның ішінде 10 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1 639,9 млрд. теңгемен 9 536 591 құрады. 2009 жылғы маусым айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 30 764 (0,3%) кеміді, жинақталған зейнетақы қаражаты өз кезегінде 23,9 млрд. теңгеге (1,5%) өсті.

2009 жылғы 1 шілдеде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 24,9%, «Қазақстан Халық Банкі» - 22,2%, «ҰларҮміт» - 13,2% және «БТА Қазақстан» - 10,8% немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшыларының жалпы санының 71,1% келеді. 2009 жылғы маусым айында 4 қор бойынша үлес алдыңғы есепті айлармен салыстырғанда 02 пайыздық тармаққа азайды.

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 40 567 жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасымен 907,1 млн. теңге болды. 2009 жылғы маусым айында ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны 50 (0,1%) кеміді, жинақталған зейнетақы қаражаты өз кезегінде 4,2 млн. теңгеге (0,5%) өсті.

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 71,9 млн. теңгемен 4 072 құрады. Ағымдағы жылғы маусым айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 1 бірлікке өсті, жинақталған зейнетақы қаражаты өз кезегінде 0,1 млн. теңгеге (0,1%) кеміді.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

2008 жылғы маусым – 2009 жылғы маусым айларында салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 278,7 млрд. теңгеге (20,4%), оның ішінде 2009 жылғы қаңтар – 2009 жылғы маусым айларында 224,6 млрд. теңгеге (15,8%) өсіп, 2009 жылғы 1 шілдеде 1 645,1 млрд. теңгені құрады. 2009 жылғы маусым айында салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 23,9 млрд. теңге (1,5%) болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі ағымдағы жылдың басынан бастап 143,4 млрд. теңгеге (12,1%), оның ішінде 2009 жылғы маусымда 26,1 млрд. теңгеге (2,0%) ұлғайып, 2009 жылғы 1 шілдеде 1 328,1 млрд. теңгені құрады. 2008 жылғы маусым – 2009 жылғы маусым кезеңінде зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімдері 24,1 млрд. теңгені құрады.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) 2009 жылғы шілде айында 410,8 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жылдың басынан бастап «таза» инвестициялық кірістің өсімі 103,8 млрд. теңгені (33,8%) құрады, оның ішінде маусым айында өсім 1,9 млрд. теңгені (0,5%) құрады.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаржатының көлемі 1.01.2008 жылдан бастап – 1.07.2009 жылға дейінгі кезеңде мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.08	1.01.09	1.07.09	1.01.09 жылмен салыстырғандағы өсім	1.01.09 жылмен салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 208,1	1 420,5	1 645,1	224,6	15,8
Зейнетақы жарналары	912,1	1 184,7	1 328,1	143,4	12,1
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	307,0	410,8	103,8	33,8
Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,1	21,6	25,0	-	3,4 (пайыздық тармаққа)

Келтірілген кестеден көріп отырғандай, жыл басынан бастап жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 224,6 млрд. теңгені құрады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 37,4 млрд. теңгені құрады.

2009 жылғы 1 шілдеде жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінде «Қазақстан Халық Банкі» - 482,9 млрд. теңге (29,4%), «МЖЗҚ» - 282,0 млрд. теңге (17,1%), «Ұлар Үміт» - 215,8 млрд. теңге (13,1%) және «БТА Қазақстан» - 204,1 млрд. теңге (12,4%) немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 72,0% келеді. Ағымдағы жылдың маусым айында үлес 0,3 пайыздық тармаққа кеміді.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы 2009 жылғы 1 шілдеде 10,1 млрд. теңгені құрады. 2008 жылғы маусым – 2009 жылғы маусым кезеңінде жалпы өсімпұл сомасының өсімі

1,6 млрд. теңге (18,8%) болды, оның ішінде маусым айында өсім 0,1 млрд. теңгені (1,0%) құрады.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 113,7 млрд. теңге болды немесе маусым айында 3,2 млрд. теңгеге (3,05%) өсті. 2008 жылғы маусым – 2009 жылғы маусым кезеңінде қорлар алушыларға жарпы сомасы 35,0 млрд. теңге (44,5%), оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 21,6 млрд. теңге (23,5%) болатын зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 420 алушыға жалпы сомасы 683,8 млн. теңгеге жүзеге асырылды. Алушылардың жинақталған зейнетақы қаражаты аудармасының жалпы сомасы сақтандыру ұйымының зейнетақы аннуитетінің шартына сәйкес 2008 жылғы 1 шілдеде 1 131,9 млн. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару 2009 жылғы маусым айында 29,3 млрд. теңгеге (7,1%) өсіп, 442,0 млрд. теңге болды. 2008 жылғы маусым – 2009 жылғы маусым кезеңінде жинақталған зейнетақы қаражаттарының аударымдары 178,0 млрд. теңгеге немесе 67,4%-ға, оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 116,9 млрд. теңгеге (36,0 %) өскен.

### Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы маусым айында 21,8 млрд. теңгеге немесе 1,3%-ға ұлғайып, 1 642,1 млрд. теңге болды.

2008 жылғы 1 шілдеден бастап 2009 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 22,9 млрд. теңгені құрады.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	483 735	29,46
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	282 398	17,20
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	211 230	12,86
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	211 230	13,53
«БТА Банк» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	204 452	12,45
«GRANTUM Asset Management ЗАИБЖАҰ» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	94 574	5,76
«ГРАНТУМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)» АҚ	94 574	5,76
«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ	66 166	4,03
«Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры» («Еуразиялық банк» АҚ ЕҰ) АҚ	52 566	3,20
«Нефтегаз – ДЕМ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	49 138	2,99
«Отан» Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» («АТФ Банк» АҚ еншілес ұйымы) АҚ	47 134	2,87
«Нұр-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ, «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы	42 805	2,61
«Атамекен» Жинақтаушы зейнетақы қоры» «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» АҚ	42 805	2,61
«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН ЖЗҚ» АҚ	35 110	2,14
«Қазақмыс Жинақтаушы зейнетақы Қоры» АҚ	29 884	1,82
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	22 315	1,36
"Өрлеу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	20 627	1,25
"Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ	20 627	1,25
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>1 642 134</b>	<b>100</b>

2008 жылғы 1 шілдеде инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2009 жылғы маусым айында 0,9 млрд. теңгеге немесе 0,06%-ға ұлғайып, 1 592,0 млрд. теңге болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфелінде ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 40,04%-ды құрайды. 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен (501,8 млрд. теңге) 31,52%-ды құрады және 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша осындай көрсеткішке қатысты 6,2%-ға немесе 29,2 млрд. теңгеге өсті.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.06.2009ж.		1.07.2009ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	472 577	29,70	501 764	31,52
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	428 703	26,94	462 415	29,05
Ұлттық Банктің ноттары	43 874	2,76	39 349	2,47
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>196 491</b>	<b>12,35</b>	<b>191 415</b>	<b>12,02</b>
акциялар	43 909	2,76	40 778	2,56
облигациялар	152 582	9,59	150 637	9,46
<b>Шетел инвестициялық қорларының пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	92 059	5,79	80 434	5,05
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>88 025</b>	<b>5,53</b>	<b>95 299</b>	<b>5,99</b>
Тазартылған алтын	0	0	0	0
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	651 801	40,96	637 526	40,04

акциялар	193 231	12,14	186 050	11,69
облигациялар оның ішінде:	458 570	28,82	451 476	28,35
шетел валютасына номинирленген	22 428	1,41	23 773	1,49
теңгеге номинирленген	436 142	27,41	427 703	26,86
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>86 716</b>	<b>5,45</b>	<b>81 771</b>	<b>5,14</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>3 461</b>	<b>0,22</b>	<b>3 831</b>	<b>0,24</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 591 130</b>	<b>100</b>	<b>1 592 040</b>	<b>100</b>

### Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2004 жылғы маусым - 2009 жылғы маусым кезеңіне - 45,84%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 41,43% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 64,01%);


- 2006 жылғы маусым – 2009 жылғы маусым кезеңіне - 22,65% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 39,58%);

- 2008 жылғы маусым – 2009 жылғы маусым кезеңіне - 1,72% (осыған ұқсас кезеңге инфляция деңгейі – 7,60%).

Ағымдағы жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі өткен айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынадай тәсілмен сипатталды:

- номиналды кіріс коэффициенті 60 айда 1,58 пайыздық тармаққа ұлғайды;
- номиналды кіріс коэффициенті 36 айда 1,90 пайыздық тармаққа азайды;
- номиналды кіріс коэффициенті 12 айда 0,59 пайыздық тармаққа азайды;

### Қорлардың зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициентінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жағдайы

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 67,3 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал 37,7 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың көлемінен 56,0%. 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қорлар

бойынша активтердің жалпы сомасы 74,2 млрд. теңге, ағымдағы жылдың басынан бастап активтер сомасы 9,8 млрд. теңгеге (15,2%) ұлғайды.

2009 жылғы мамырда 4 қор («АМАНАТ Қазақстан», «Қорғау», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 1,0 млрд. теңгеге шығынға жол берді, бұл ретте 10 қор жалпы сомасы 16,8 млрд. теңге пайда алды. 2009 жылғы 1 шілдеде қорлардың таза пайдасының жалпы сомасы 15,8 млрд. теңгені құрады.

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 58,8 млрд. теңгені құрады немесе қорлардың жиынтық активтерінің 79,2% болды.

Қорлар меншікті активтерін инвестициялардың жалпы көлемінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 53,7%, шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына – 3,5%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 20,0%, халықаралық қаржы ұйымдарын бағалы қағаздарына – 3,3%, «Кері РЕПО» операцияларына – 0,6%, екінші деңгейдегі банк салымдарына – 7,2%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 11,7% орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

Экономикадағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.07.09
ЖІӨ млрд. теңгемен	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	15 936,5	15 896,8*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,9	10,3
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	8,4
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	2,6
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4

\* - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері